

ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Сигналдық гипотезаларға баға беру
және халықаралық тәртіптің пайда
болуы



Бұл дәрісте сигналдық гипотезаларға баға беріліп, халықаралық тәртіп қалай орын алады, осы мәселелерге тоқталады. Берілген дәрістің басты концепциясы келесі гипотезаларды анықтайды:

7-гипотеза. Қауіп-қатерлер жариялы түрде мәлімделгенде, оның орындалу барысы жеке жариялымдарға қарағанда нақтырақ. Гипотезалар сандық және сапалық болып бөлінеді. Кестеде олар 2 категорияға бөлінген: статистикалық және кейсті талдауға. Осылар оқиғаларды бағалауда негізгі құрал болады.

Гипотезалар	Оқиғаның талдауы	Статистикалық талдау
3.1. Жеке қауіптердің сенімділігі	иә	-
3.2. Ауқымды қамтуға сенімнің артуы	иә	-
3.3. концессия концессияны әкеледі	иә	-
3.4. Жоғары мүмкіндік - ешқандай жеңілдік жоқ	-	иә
4.1. Нысаналы мүмкіндіктер қауіптен кейінгі Pг өзгерістер әкеледі	-	иә
4.2. Жакын қатынастар қауіптен кейін Pг. өзгерістер әкеледі	-	иә
4.3. Жоғарғы сенімділік жоғарғы байыптылық	—	иә
4.4. дайындық тиімді емес болған жағдайда ұсыныстар сенімділікке лайық	—	иә
5.1. Дипломатиялық қолдау көтермелейді	—	-
5.2. Кейде дипломатиялық қолдау жанжалдың ықтималдығын тудырады	иә	иә
5.3 Сенімдердің тығыз өзгеруі	иә	иә
5.4. Дипломатиялық қолдау көтермелейді	иә	иә
6.1. Дипломатиялық тәсілдемелерге сенімділік	—	иә
6.2. Дипломатиялық тәсілдемелер үшінші жаққа қарсы агрессия туралы сигналдайды	иә	-
6.3. Дипломатиялық тәсілдер басқа Альянстың қарым-қатынастарын әлсіретуге деген ұмтылысты білдіреді	иә	иә
7.1. Көрсеткіштердің құндылығы туралы гипотеза: Жариялылық сенімділікті артырады	иә	иә

Кейбір гипотезалардың бағалануы тек белгілі бір тәсілдерді қолданудан ғана айқындалады. Мысалы 5.4.-гипотезасы, келіссөз кезіндегі ымырасыздықтың деңгейі үшінші мемлекет қолдауының болуының дәлелі. Олар негізінен статистикалық талдау арқылы емес, құжатты дәлелдердің көмегімен анықталады. Оған себеп, ымырасыздықтың дәрежесі белгісіз болып келеді және оларды кодтау қиындыққа әкеледі. Ал гипотеза 4.1. бойынша шабуыл жасаушы мемлекет ықпалының жоғарылығы, бақылаушылардың күмәнсіздігін тудырады және ол белгілі оқиғалармен емес статистикалық дәлелдер арқылы анықталады.

Келесі 2-бөлімде дүниежүзілік соғыс алдындағы сигналдау бағаналары қарастырылады. Талдау көрсеткенді дипломатиялық кездесулер келешек әскери шегіністерге ықпалын тигізді. Эмперикалық бөлімде гипотезалар статистикалық түрде нақтыланып басқа сигналдармен бір ретте беріледі. Келесі тармақша 1912 жылғы дипломатияның нәтижесі деп беріледі.



Еуропалық соғыстың қарсыңында 1914 ж. австриялық император өзінің кеңесшілерінің ұсыныстарын талқылап, оларды қолдайды, тек біреуіне ғана келіспеушілік танытады. Император оның іс-қимылы Еуропада 4 державаның соқтығысуына алып келетінін білген. Германия канцлері жазбасында Австро-Венгрия шиеленісінде Австрияны қолдайтыны туралы айтқан. Кейінен неміс императоры соғысқа балама таңдау ретінде Белградтағы аялдама атты іс-әрекет жасады, ал соғысты аңсаған Австрияның саясаты Австриядағы Габсбург династиясының құлауына әкелді. Осы жағдайда сондай тәуекелге австриялықтарды не итермеледі? Оған жауаптар негізінен әскери дипломатияға дейінгі кезеңінен бастау алады.

Дипломатия акторлардың бір-біріне деген ниеттерін білуге көп көмектесті. Дипломатия державаларға мемлекеттердің келешек қимылдарын білуге көмектесті. Мысалы, Франция Ресейді үштік одақ соғысы барысында қолдайтынын, сонымен бірге Британия Германияның қарсыластарына өтіп кететінін білген басқа елдерге көмектескен. Бірақ, бұл шиеленістердің түбін еуропалық дипломатияның өзіндік ерекшелігінен табуға болады.

XIX ғ. аяғы XX ғ. басында басқа акторлардың дипломатиясы Австрияны шетте ұстаған, тек Германиямен ғана қарым-қатынастары жақсы болды. Көпұлтты империя болғаны есебінен Австрия сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалмағандығы байқалды. Осыдан келіп ол Габсбург империясының құлауына әкелді. Ендігі кезекте құжаттамалық дәлелдер барысында гипотезаларды бағалауды оқып үйренейік. 1914 ж. соғыс туралы Австро-Венгриялық шешім өзінің және Ресей империясының құлауына, нәтижесінде Ресейде коммунизмнің орнауына, көптеген саяси шегаралардың жойылуына әкелді.

Сигналды Гипотезалар талдауы 1912 жылғы Ресей және неміс дипломатиясын, Адриатикалық порт шиеленісін қолданысқа алады. Біріншіден, дәл осы кез бірінші Дүниежүзлік соғыстың басталуына себепкер болған, алайда әдебиеттерде осы тақырыптар аясында ғылыми бағалаулар аз. Сигналдық гипотезаларды бағалау үшін, ең алдымен, автор тарихи жазбаларды талдап, қорытындылардың болжауын тексеру үшін құжаттамалық дәлелдемелер береді. Алайда құжаттамалық жазба көбінесе, сол кездегі тарихи тұлғалардың әңгімелерінен алынып, олардың белгілі бір жағдайдағы іс-әрекеттері жазбаға түсірілмеген. Сол себептен құжаттамалық жазбада жазылмаса, онда теорияның шынайылығына күмән келеді, алайда, гипотезаны жоққа да шығармайды. Өйткені элиталардың іс-қимылдары жазылмаса да сөз сөйлеген жазбалары сақталған.

Ендігі кезекте сигналдық 1912 жылғы гипотезаларға болжам беріп көрейік. 1912 жылғы дипломатия Балқан аясындағы сұрақтармен бірге жүрді. Бұл шиеленіс Австро-Венгрия аннексияланған Босния мен Герцеговинаны дүниеге әкелді. Одақтастық қатынастар мен жаңа технологиялар Еуропада және бүкіл әлемді қамтитын соғыс ықтималдылығын өршітті. Осы жағдайда 1912 ж. орыс дипломатиясының өзінің көздеген мақсаттары мен бағыттары, сонымен қатар күтілетін нәтижелері де болды.

Қысқаша тоқталып өтсек, XX ғ. басында саяси және экономикалық үстемділік үшін өзара Ресей, Австро-Венгрия, Ұлыбритания, Германия, Италия, Франция саясат жүргізіп отырды. Балқан жерлері болса, еуропалықтарға Азия мен Африкаға тікелей шығатын жол болды, ол өз кезегінде, минералды ресурстарды, капиталды иеленуге алып келетін үміт болды.

XX ғ. басында 2 бір-біріне қарама-қайшы келетін блоктар пайда болды, ол: Антанта мен үштік одақ. Францияның қолдауымен 1907 ж. 31 тамызда ағылшын-орыс келісіміне қол қойылды, оның негізінде Антанта құрылды, оған Ұлыбритания, Франция, Ресей кірді. Оған қарама-қарсы блокқа Германия, Австро-Венгрия, Италия кіріп Үштік одақты құрды. Антантаның құрылуы ағылшын-ресей және ағылшын-француз қайшылықтарына қарағанда ағылшын-неміс қайшылықтарының тереңдігін көрсетеді.

Антанта құрамы: Ұлыбритания, Франция, Ресей.

Үштік одақ құрамы: Германия, Австро-Венгрия, Италия.

Англия мен Германияның мұхиттық жарысы, қарулық күштердің нығайуын ғана емес, Балқанды иеленуге алғышарттар тудырды. Германия Түркияны басып алып, өзінің колониясына айналдырғысы келді. Германия мен Австро-Венгрия славян егемендігінің дұшпандары болды. 1911 ж. Еуропада жағдай шиеленісе түсіп, Италия-түркиялық соғыстың басталуына алып келді. Орыс дипломатиясы Балқан одағының құрылуына әсер етті, ол Түркияға қарсы қару есебінде ғана қарастырыламды, Австро-Венгрия және Германияға қарсылас одақ ретінде де



қарастырылды. Ол Балқан мемлекеттерін Түркияға қарсы одақтастармен келісіп, оған қарсы соғысқа баруға шақырды.

Ресей дипломатиясы Түркияға қарсы құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар Австрия-Венгрия мен Германияға қарсы күрес құралы ретінде Балқан одағының қалыптасуына үлес қосты. Балқан одағы Болгария, Грекия, Сербия, Черногорияны қамтиды. Балқан мемлекеттерінен Сербия Австрия-Венгриямен соғысқа дайындықты басқаларға қарағанда қызықты және оның мүдделері Балқан елдеріндегі славян халықтарының қамын ойлаған Ресей мүдделерімен толығымен сәйкес келді.

1912 ж. Серб-болгар келісіміне қол қойылды. Олар бір-бірінің егемендігіне қол сұқпауға уәде білдірді. 1912 ж. 9 қазанда Черногория әскери шабуылдар жасады, 17 қазан Сербия мен Болгарияға, ал 18 қазанда Түркияға қарсы соғысты жариялап, Грекияда соғысқа кірісіп кетті. Түрік армиясы құлдырап, Балқан әскерлері Түркияның Еуропадағы көп бөлігін басып алып, Түркияның астанасына қарай жылжыды. Оны түсінген Түркия 1912 ж. 13 қарашада еуропалық державалардан бейбітшілік сұрады. Ресей сербтерді қолдады, алайда соғыстан сырт жүруді көздеді. Франция соғыстан бас тартып, міндеттемелерді оындауы үшін, Ресейге ақшалай қарыз беріп отырды. Англия арбитр рөлін пайымдағысы келді.

1912 жылдың желтоқсан айында Лондонда 2-ші халықаралық конференция жұмысқа кірісті. Біреуінде Түркия мен Балқан мемлекеттері кездесті, екіншісінде 6 ұлы еуропалық мемлекеттің өкілдері қатысты, төрағалық британдық Эдуард Грейге тапсырылды. Лондондық елшілер отырысы соңында Сербияның әскерінің шегінуіне алып келді, Сербияның Адриатикалық теңізден кетуі шешілді. Алайда басқа да шешілмеген көптеген сұрақтар туындады. Жеңімпаздар Адрианопольді талап етіп, Мидия-Родосто шегарасынан бөлуді сұрады, алайда Түркия оған келіспеді. Ал Ресей мен Австро-Венгрия бірдей позиция ұстанып, Болгарияға беруді ұсынды.

1913 ж. Болгар әскерлері серб пен гректерге қарсы шабуылдар жасай бастады. Осымен екінші Дүниежүзілік Балқан соғысы басталды. 1913 ж. шілдесінде Румыния Болгарияға қарсы соғыс ашты. Австро-Венгрия Болгарияны қолдап Ресейдің Сербияны қолдауына тосқауыл қойғысы келді. Алайда Болгарлар жеңіледі дегенге көз жеткізгеннен кейін Австро-Венгрия негізінен Германияның қолдауына сүйеніп, өздері сербтерге қарсы аттануды ойластырды. Орыс дипломатиясы Румынияны Антанта лагеріне тартпақшы болды. Болгарлардың ауыр жағдайын пайдаланып, түріктер оларды шабуылдады, нәтижесінде Адрианопольді өздеріне қайтарып алды. 30 шілдеде Болгарлар бейбітшілік сұрап, нәтижесінде Бухарестте бейбіт конференция ашылды. Келіссөздер кезінде Грекия мен Болгар арасында Коваллы порты үшін келіспеушіліктер пайда болды. Ұлы державалар кірісіп кетіп, есесіне Грекия Франция мен Англияның қолдауымен жеңді. 1913 ж. 10 тамызда Бухарест бейбіт келісіміне қол қойылды. Сербия болгар зонасындағы Македонияны алды; Грекия – Македонияның оңтүстігін және Салоники, Румыния – оңтүстік Добруджаны, шығыс Фракияның бөлігі мен Адрианополь – Түркияға берілді. Болгария болса ерте кезде басып алынған көп жерлерінен айырылып қалды.

Екінші Балқан соғысы Балқан жерінде күштердің жаңа серпінін алып келді дегенді білдірді. Ендігі кезде Ресейдің ықпалында 2 топ болды. Сербия, Грекия және Румыния – бір жағынан Болгария мен Түркия одақтастық құрған, екінші жағынан Блоктың ажырауы Германия мен Австро-Венгрияға тиімді болды.

Ұлы еуропалық державалар Балқан соғысы кезінде қарыз ақша беріп өздерінің үстемдігін орнатпақшы болды. Сөйтіп, Балқанда тағы бір халықаралық шиеленіс көрініс тапты, бұл кезде Ресей мен Франция Сербия мен Грекияны қолдаса, Германия, Австро-Венгрия, Италия – Албанияны қолдады. Англия өзінің ұстанымын өзгертіп, ендігі кезекте ол Германия мен оның жақтастарын қолдады.

Балқандағы соғыстар үлкен соғыстың өршуіне келеді деген пайымдар жасалынды. Ағылшындар мен ресейліктер Түркияны бөлуді көздеді, Англия Месопотамияны, Араб шығанағын, Палестинаны басып алуды армандады, Ресей болса, Қара теңіз бұғаздары мен Балқанда үстемдігін орнатқысы келді. Балқан соғысы кезінде Ресей мен Германия және Австро-Венгрия арасында шиеленістер туындады. Германияның Австро-Венгрияны ашық қолдауы, ол сол австриялықтардың қолымен өзінің үстемдігін Балқанда орнатпақшы болды.



Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында халықаралық қатынастар шиеленістерге толы болып сипатталды, кішкентай шиеленіс әлемдік соғысты алып келуіне түрткі болады деп есептелді.

1912 жылғы Ресей дипломатиясы

уақыты	Іс-қимыл	баяндау
Қаңтардан сәуірге дейін	Дипломатиялық тәсіл	Шетелде Сербия және Болгария одағын Ресей көтермелейді. Ресей әрбір мемлекеттің нақты мүдделерін қорғау үшін өз міндеттемелерін орындайды. Сербия мен Болгария өзара келіспеушіліктерде Ресеймен және ресейлік медиацияторлармен ынтымақтасуға ұмтылады.
қыркүйек	Қолдау/ қолдаудан бас тарту	Ресей Сыртқы істер министрі Түркияға қарсы соғыста Балқан мемлекеттеріне қолдау көрсетуден бас тартты. Басқа ресейлік элиталар қолдау көрсетеді. Өкілеттіктердің бірлескен іс-қимылдары туралы ұсыныстар әзірге жоқ.
Қазан басында	ортақ декларация	Ресей мен Австрия бірлесіп Балқандағы статус-кво жол бермейді екенін мәлімдейді
қазан	шектеулі талап	Ресей Австрияны Сербияны бақылауды қолдамайтындығына сендірді. Бірақ егер Австрия Санджакты басып алған болса, ол «бейтараптықты бұзады, бұл сөзсіз Ресейдің араласуына әкеледі»
Қазанның соңы қарашаның басы	талап	«Ресей Константинопольды және оның айналасындағы аумақтарды басу алуды casusbelli ретінде бағалайды." Балқан мемлекеттеріне аумақты сақтауға рұқсат беруді ұсынады. Атап айтқанда, Ресей тікелей «Сербияны Адриатикаға жол ашуына қол жеткізу керек» деп қауіп төндіреді.
қараша	Қолдау/ қолдаудан бас тарту	Сазонов Сербияға Ресейді қолдаудан бас тарту алатынын және осы уақытқа дейін ол басқа мемлекеттерге Сербияны қолдаушы ретінде танытқанын айтады. Хартвиг және басқалар Ресейді қолдауында сенімділік білдіреді
Қарашаның ортасы	талап	Сазонов тікелей Германияға және Австрияға Сербияны Адриатика портымен жіберуге рұқсат бермеген жағдайда тікелей Ресейге қауіп төндіреді, сонда Ресей «мүмкінсіз қақтығысты кейінге қалдыруды қаламайды» қауіп төндіреді.
Қарашаның соңы	концессия	Ресей Адриатикадағы портқа сербиялық ұсынысты қолдамайды.

Ал енді іс-қимылдарды гипотезалармен тексерейік. Ресейдің тәсілі австриялықтардың іс-әрекетін қайта қарауға мүмкіндік берді (гипотеза 6.2.). Бірінші Балқан соғысы көп ақпарат берген жоқ. Ресейдің позициясы қауіп те, қолдаушы ретінде де қарастырылмады. Сол үшін 5.3. гипотеза бақылаушыларға ешқандай болжам жасауға алғышарт бермейді. Ресей мен Австрияның қазандағы қауіпті жолдамалары айтарлықтай ықпалын тигізбеді. Сонымен сигналдық гипотезалар мемлекеттердің сенімдеріне ешқандай әсер ете алмайтындығын айқындайды. Ықпалды жолдама болып Ресейдің Серб портын қолдауы болып табылады. Ол ымыралықты алып келуді, сонымен қатар Сербтердің Адриатикалық теңізге шығуына мүмкіндік алуына ықпал етті. Ал бұл өз кезегінде басқа 3.1. гипотезасы бойынша басқа державалардың бағыттарын білуге алып келер еді. Сонымен бірге 5-ші бөлімнің гипотезасы Сербия Ресейдің қолдауымен шиеленістерге ашық және нақты қадамдарын бастайды, ол әрине соғыстың ықтималдылығына әкеледі (гипотеза 5.2.), ол өз кезегінде Ресейдің ниетін білдіреді.